IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

# СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП «СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК

**6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология»**

**БАҒДАРЛАМАНЫ АККРЕДИТТЕУ**

**Нұр-Сұлтан 2020**

## Эсперттік топ



**Коржумбаева Марал Берекеловна**
**Топ жетекшісі**
“Болашақ” академиясы, “Педагогика және психология” кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.



**Ерошенко Василий Иванович**
**Халықаралық эксперт**
«Экология және табиғатты қолдану» кафедрасының меңгерушісі, Москва мемлекеттік педагогикалық университеті, п.ғ.к.



**Исаев Ғани Исаевич**
**Эксперт**
Қожа Ахмет Яссауи университеті, “Биология” кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент



**Базаргалиева Алия Айдархановна**
**Эксперт**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Биология» кафедрасының доценті, б.ғ.к



**Муканова Роза Жумкеновна**
**Эксперт**
Химия және география мамандығының жетекшісі, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, х.ғ.к., доцент



**Бекенова Меруерт Садуовна**
**Жұмыс берушілер өкілі**
№2 Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары



**Дауренова Зарина**
**Студенттер өкілі**
М. Әуезов атындағы ОҚМУ «География» мамандығының 4 курс студенті

# ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША 6В05101-БИОЛОГИЯ/5В060700-БИОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ НАҚТЫ ДЕҢГЕЙГЕ СӘЙКЕСТІГІ

| Стандарттар | Әр стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігін белгілеңіз | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Толық сәйкестік | Елеулі сәйкестік | Ішінара сәйкестік | Сәйкес келмейді |
| *Стандарт 1* Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаның қамтамасыз ету саласындағы саясат | + | | | |
| *Стандарт 2* Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару | + | | | |
| *Стандарт 3* Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау | + | | | |
| *Стандарт 4* Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау | + | | | |
| Стандарт 5 Профессорлық – оқытушылық құрам | | + | | |
| *Стандарт 6* Оқу ресурстарыжәне студенттерді қолдау | | + | | |
| *Стандарт 7* Жұртшылықты ақпараттандыру | + | | | |

# *Мазмұны*

**1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ**
**Кіріспе**……………………………………………………………………. 5
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы………………………………………………… 6
**2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ**
Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік
**Кіріспе**…………………………………………………………………… 8
**Стандарт 1**
Білім беру бағдарламасының сапанын қамтамасыз ету саласындағы саясат...……………………………........................................................................ 10
**Стандарт 2**
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару…..........................................................................................…………… 12
**Стандарт 3**
Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау…………………......... 14
**Стандарт 4**
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау………………..... 18
**Стандарт 5**
Профессорлық - оқытушылық құрам ………………………………........ 19
**Стандарт 6**
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау ………………………...…… 21
**Стандарт 7**
Жұртшылықты ақпараттандыру.....…………………………………………… 23
**3 ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ**...……………………………………………………………… 25
**ҚОСЫМШАЛАР**
***Қосымша 1***
Сыртқы бағалаудың бағдарламасы ..…………………………………………… 26
***Қосымша 2***
Сұхбатқа қатысқандардың тізімі .....………………………………………… 28
***Қосымша 3***
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар........................………………….... 32

# 1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

## Кіріспе

Сырдария университетінің мамандандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберінде сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылғы 12-13 қазан аралығында өтті.

Сыртқы аудит IQAA жасаған және университет әкімшілігімен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына барар алдында таныстырылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктер мен білім беру бағдарламаларын және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапарда жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, университеттің түлектерімен, жұмыс берушілерімен толығырақ танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің деректерінің нақты сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде көптеген ақпарат бар, мұнда университеттің барлық бағыттары мен құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес талданады, күшті және әлсіз жақтары анықталады, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталады.

Оқу, ғылыми-әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаларды ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс орнату мақсатында визуалды тексеру жүргізілді. Сарапшылар бөлімдерді, бөлімдер мен орталықтарды, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, спортзал, жазғы спорт алаңы және денсаулығына байланысты студенттерге арналған жаттығу бөлмелерін және т.б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттамасын зерделеді және жұмыс барысымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен толығырақ танысу мақсатында аккредиттелген бағдарламалар бағытындағы кездесулерге қатысады.

**Университеттің негізгі сипаттамалары**

«Сырдария» университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған AAN 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. Университет ректоры қызметін Мамраимов Серік Дәулетұлы атқарады. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, қашықтықтан оқыту қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін көрсетеді.

«Химия және биология» корпусы Жетісай қаласы М. Әуезов көшесі 14 үй пайдалануға 01.09.2005 жылы берілген көлемі 2288 шаршы метр.

«Жаратылыстану ғылымдары» кафедрасының құрамындағы білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылары осы корпуста оқиды.

Инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы 25.10.2010 пайдалануға берілген, көлемі 836 шаршы метр.

Лицензияға қосымша 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламалары бойынша 28.09.2010 ж. №0137474 берілген.

Кафедра және факультет өз қызметін университеттің қолдаушы қызметтері мен тіркеу офисі, оқу-әдістемелік басқармасы, кәсіби бағдар және жұмыспен қамту, академиялық ұтқырлық секторы, ақпараттық және инновациялық технологиялар орталығы, студенттерге қызмет көрсету орталығы, сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі, инновациялық және ғылыми-зерттеу орталығы, кітапхана т.б. тікелей байланыста жүзеге асырған.

6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламаларының мақсаттары еңбек нарығының талаптарына негізгі және қосымша оқу траекторияларында өзін жүзеге асыруға қабілетті ұлттық біліктілік жүйесіне сәйкес биология саласында жаратылыстану бакалаврларын даярлауға бағытталған.

Университет сайтында білім беру бағдарламалары туралы ақпарат үнемі өзектіленіп отырады, бакалаврлар үшін барлық қажетті ақпарат жинақталған. «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне және білім беру процесінің барлық қатысушыларының ақпараттануын қамтамасыз ететін "сабақ кестесі", "оқу жоспары", "оқу кейстері", "оқу әдістемелік кешен", "оқу жоспары, оқу топтары", "журнал", "оқытушының жеке кабинеті", "магистранттың жеке кабинеті", "аудиториялық фонт", "қашықтықтан оқытуды сүйемелдеу", "GPA калькуляторы", "пәндер каталогтары", ЖОО ақпарат т.б. кіретіні анықталды. www.sirdariya.kz.

2019-2020 оқу жылында оқу әдістемелік үрдісті ПОҚ жиынтығы штаттық кестеге, ПОҚ сандық және сапалық құрамы ҚР БҒМ талаптарына сәйкес келетіні анықталып, төмендегіше талданды.

«Жаратылыстану ғылымдары» кафедрасының штатында 22 адам - 15 ғылым кандидаты, оның ішінде 5 доцент, 1- ( PhD) қауым.проф.м.а., 7 ғылым магистрі оның ішінде 5 аға оқытушы жұмыс істейді. Ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың көрсеткіші ағымдағы оқу жылында – 68 % құраған.

Университет Жарғысы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 6-тарауы, 41 бабы және білім беру ұйымдарының қызметтерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Университетте 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары бар. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады және студенттермен ұдайы кері байланысты ұйымдастырады тексеру барысында анықталды.

Заңды және нақты мекен-жайы
160500 Қазақстан Республикасы,
Жетісай қ., К. М. Әуезов, 14.
Телефон: 8 (72534) 6-14-63, 6-14-27
Факс: 8 (72534) 6-14-63, 6-20-08
Электрондық пошта: info@sirdariya.kz, sirdariya@gmail.com.

# 2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

## Кіріспе

Түлектерді жұмысқа орналастыру. ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі жылғы №319-111 «Білім туралы» Заңына сәйкес жұмыспен қамту және 30.03.2012 жылғы ҚР Үкіметінің қаулысы өзін-өзі жұмыспен қамту құқықтарын, жұмыс істеуге мамандар жіберу ережесін бекіту туралы «№390, баждарын салудан босату ҚР Үкіметінің қаулысына мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға азаматтарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар немесе 23 қаңтар, 2008 жылғы №58 «Білім беру грантын иелену Ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес және 25.09.2020 жылдың №414 бұйрығына, университеттің стратегиялық жоспарына сәйкес жүзеге асырылған.

Университетте бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру шараларын жүзеге асыру мақсатында төмендегідей жұмыстар атқарылған:

- университет түлектерінің жұмысқа орналасуын қадағалау: бітіруші түлектер туралы деректерді құрастыру, бітірушілердің кәсіппен қамтылуы туралы мәліметтерді жинақтау;
- жұмысқа орналастыру бойынша тікелей әрекеттер: бітіруші түлектер мен студенттерді уақытша жұмыспен қамтылуына көмек көрсету;
- еңбек нарығындағы сұраныстар мен ұсыныстар туралы ақпараттарды көрсету: жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша кеңестер беру, жұмыс берушімен қарым-қатынас дағдысына үйрету;
- жұмысқа орналасу мәселелері бойынша міндеттерді шешу: кәсіпорындар мен басқа да жұмыс берушілермен өзара әрекет, аймақтық және жергілікті өкіметтік ұйымдар, әлеуметтік бағдарламалармен, қалалық және аудандық бөлімдермен қамтылуы, мамандарды даярлау сапасы туралы ақпараттар жинау;
- кәсіби бағдар жұмысы: "Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі" студенттердің қатысуын ұйымдастыру.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру және білікті мамандарға тапсырыстарды қанағаттандыру мақсатында жыл сайын "Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі" өткізіледі, оған ауданның білім бөліміне қарасты мектептер мен мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысады. "Дипломмен ауылға", "Жастар тәжірибесі", "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылады.

### *Мамандырылған аккредитация стандарттарына сәйкестігі*

ЖОО қызметінің басты аспектісі оқытушылар құрамының жоғары деңгейін қамтамасыз ету, кадрлық әлеуетті қалыптастыру болып табылады. 2019-2020 оқу жылында оқу әдістемелік үрдісті ПОҚ жиынтығы штаттық кестеге, ПОҚ сандық және сапалық құрамы ҚР БҒМ талаптарына сәйкес.

«Жаратылыстану ғылымдары» кафедрасының штатында 22 адам - 15 ғылым кандидаты, оның ішінде 5 доцент, 1 PhD қауым.проф.м.а., 7 ғылым

магистрі оның 5 аға оқытушы қызмет атқарады. Кафедраның жалпы ғылыми әлеуеті– 68 % құрайды.

6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың көрсеткіші ағымдағы оқу жылында - 57% құраған.

БББ-ны іске асырудың тартымдылығы мен тиімділігі есептік кезеңдегі жұмысқа орналасуы 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламаларының түлектері ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметтің коммуникативтік түрлерін жүзеге асырған.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес (ҚР Еңбек кодексі 32-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы) еңбек шартын жасау кезінде үміткер жұмыс берушіге тиісті білімді, машық пен дағдыны талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжатты дайындау арқылы ұсынып отырған.

Жұмыс берушілердің жауаптарын талдау ЖОО-ның білім беру қызметі сапасының басты кепілі: ПОҚ деңгейі, материалдық-техникалық база және оқу үдерісін ақпараттық қамтамасыз ету, оқу бағдарламаларының ғылыми - әдістемелік деңгейі және білім алушылардың білімін бағалау т.б. Еңбек нарығында талап ету критерийіне сәйкес олардың 75 пайыздан жоғары көрсеткіш ретінде жұмыспен қамтылуы қанағаттандырылған.

Элективті пәндер каталогы жұмыс берушілердің пікірлері мен тілектерін ескере отырып қалыптастырылған және тұрақты түрде қайта қаралып, талқыланған. Жұмыс берушілердің талаптары мен ұсыныстарын ескере отырып, (2015-2016 ж.ж.) «Жеке даму биологиясы», «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы», «Өсімдіктер систематикасы», (2016-2017ж.ж.) «Иммунология», «Молекулалық биология», «Адам және жануарлар физиологиясы», (2017-2018 ж.ж.), «Экобиотехнология», «Экологиялық биология», «Микробиология және вирусология», (2019-2020 ж.ж.) «Өсімдіктер және жануарлар экологиясы», «Биотехнология», «ҒЗЖ (НИР) ұйымдастыру», «Дәрілік өсімдіктер» т.б. білім беру бағдарламасын сапалы дайындау мақсатында және жұмыс берушілердің сұранысы бойынша жаңартылған.

Қаржыландыру құрылымында соңғы жылдары ең көп үлес материалдық- техникалық базаны нығайтуға, соның ішінде зертханалық жабдықтар, кітапхана қоры, жиһаздар, бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлік техника және т.б. сатып алуға қаражат есебінен жүзеге асырылған. Университеттің қаржылық жағдайы, материалдық техникалық және ақпараттық ресурстары мәлімделген миссияны орындауға және ҒЗЖ, білім беру қызметін жүзеге асыру үшін жеткілікті, үнемі даму үстінде, орнықты, тұрақты түрде жүзеге асырылған (дәлелді құжаты өзін-өзі бағалау есебінің 8-қосымшасында көрсетілген).

## Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының сапанын қамтамасыз ету саласындағы саясат

6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламалары бойынша Лицензияға қосымша 28.09.2010 ж. №0137474 берілген.

6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламаларының мақсаттары еңбек нарығының талаптарына негізгі және қосымша оқу траекторияларында өзін жүзеге асыруға қабілетті ұлттық біліктілік жүйесіне сәйкес биология саласында жаратылыстану бакалаврларын даярлауға бағытталған.

Университет сайтында білім беру бағдарламалары туралы ақпарат үнемі өзектіленіп отырады, бакалаврлар үшін барлық қажетті ақпарат жинақталған. «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне және білім беру процесінің барлық қатысушыларының ақпараттануын қамтамасыз ететін "сабақ кестесі", "оқу жоспары", "оқу кейстері", "оқу әдістемелік кешен", "оқу жоспары, оқу топтары", "журнал", "оқытушының жеке кабинеті", "магистранттың жеке кабинеті", "аудиториялық фонт", "қашықтықтан оқытуды сүйемелдеу", "GPA калькуляторы", "пәндер каталогтары", ЖОО ақпарат т.б. кіреді. www.sirdariya.kz.

*Сарапшылар анықтады:* БББ-ны іске асырудың тартымдылығы мен тиімділігі есептік кезеңдегі жұмысқа орналасуы 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламаларының түлектері ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметтің коммуникативтік түрлерін жүзеге асырған.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес (ҚР Еңбек кодексі 32-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы) еңбек шартын жасау кезінде үміткер жұмыс берушіге тиісті білімді, машық пен дағдыны талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжатты дайындау арқылы ұсынған.

Білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру мақсатында отандық және шетелдік жетекші оқу орындары арасында тығыз байланыс орнатылған, атап айтқанда 30 отандық, 25 шетелдік ЖОО-мен білім беру қызметін көрсету саласында өзара серіктестік қарым-қатынас жөніндегі келісімшарттар жасалынды: Ресей (РФ үкіметіне қарасты қаржы университеті, Омск мемлекеттік педагогикалық университеті, А.С.Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университеті, Қазан мемлекеттік мәдениет институты), Түркия (Anadolu университеті, Artvin Coruh университеті, Kaztamonu университеті), Венгрия (Эстерхази университеті), Египет (Суэц каналы университеті), Тәжікстан (Тәжік педагогикалық институты), Латвия (Рига техникалық университеті), Қырғызстан (М.Қ.Барскани ат. Шығыстану университеті), Испания (Валенсия политехникалық университеті) т.б. байланыс орнатқан.

Студенттердің білімін бақылау және бағалау: студенттердің білімін бағалауға арналған аралық аттестация 2019-2020 оқу жылына бекітілген

Академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады. Университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен (31.10.2017 №2 хаттамасы) білімді бақылаудың «тест - ауызша - жазбаша» нысандары бойынша пайыздық мөлшері белгіленді, емтихандардың 90% пайызы сыртқы бақылау мен білімді бағалауға бағытталған.

Университетте оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылар академиялық адалдық пен корпоративтік этика қағидаларын сақтауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлінген.

*Сарапшылар мынаны анықтады:* «Жаратылыстану ғылымдары» кафедрасы 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламаларын дайындауда «Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ҚМҒЗИ» ЖШС), «Биофабрика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Инновациялық ғылыми-зерттеу орталығымен», «Ажибек» ШҚ бірге жүйелі жұмыс жүргізген.

Білім алумен қатар студенттер таңдаған мамандығын тікелей ғылыми-зерттеумен орталықтармен практикалық түрде ұштастыруда. Практика мен теориялардың алмасуы барлық оқу процесі барысында жалғасып отырады. Тәжірибелік дайындық рөлінің артуының арқасында, болашақ мамандар мектептегі проблемаларды оқу барысында профессор-оқытушылармен бірге талқылауда және дуальды білім беру жүйесін қалыптастырған. Білім алушылар күнделікті зертханалық сабақтары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын «Инновациялық ғылыми-зерттеу орталығында» жүргізетіні анықталды.

Түлектерді жұмысқа орналастыру. ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі жылғы №319-111 «Білім туралы» Заңына сәйкес жұмыспен қамту және 30.03.2012 жылғы ҚР Үкіметінің қаулысы өзін-өзі жұмыспен қамту құқықтарын, жұмыс істеуге мамандар жіберу ережесін бекіту туралы «№390, баждарын салудан босату ҚР Үкіметінің қаулысына мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға азаматтарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар немесе 23 қаңтар, 2008 жылғы №58 «Білім беру грантын иелену Ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылған.

Оқу бағдарламасы - әрбір оқу пәні (сабақ) бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберліктің, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама ҚР «Білім туралы» Заңының 1-бабын (45-тармағы). Мамандықтар бойынша кәсіптік оқытудың мазмұны пәндер және оқу қызметінің немесе модульдерінің әр алуан түрлері бойынша үлгілік және жұмыс оқу бағдарламалары түрінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарына сәйкес әзірленген.

***Ұсыным:***

1) 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламаларына қабылданатын білімгерлер санын арттыру.

2) 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру

бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына ендірілген жұмыс берушілердің пәнін қайта жаңартып, дендрология, гербарий әдістері, насекомдар коллекциясын дайындау әдістері секілді пәндерді енгізсе?

**Сәйкестік деңгейі– толық сәйкестік.**

## Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

**Дәлелдемелер және талдау**

Жоғары білім, ғылым және инновациялар әлеуметтік тұтастықты, экономикалық өсу мен жаһандық бәсекелестікті қолдауда шешуші рөл атқарады. Еуропалық қауымдастықтың берік білім негізін қалау ұмтылысын назарға ала отырып, жоғары білім әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Университетте ББ сапасын ішкі бағалаудың және сараптаудың оны іске асырудың әрбір кезеңінде қадағаланатын тиімді, үздіксіз механизмі әзірленген: білім беру бағдарламасын жоспарлау, оны тікелей іске асыру және жетілдіру. ББ ішкі бағалау кафедра, университеттің Ғылыми-әдістемелік Кеңесі, ЖОО Ғылыми кеңесі деңгейінде жүргізіледі.

*Сарапшылар анықтады:* 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламасының мазмұны мен логикасы ҚР БҒМ нормативтік талаптарына және университеттің ішкі ережелеріне негізделген. Білім беру бағдарламасын әзірлеу модульдік қағидатта жүзеге асырылады, "Педагог" кәсіби стандартына, "педагог мәртебесі туралы" заң жобасына, Еуропалық біліктілік шеңберімен, ҚР МЖМБС-мен және тиісті оқу жоспарларымен келісілген Дублиндік дескрипторларға негізделген құзыреттер бойынша оқыту нәтижелерінен тұрады; университет миссиясына, бағдарламаның әлеуетті тұтынушыларының сұраныстарына сәйкес құрылған.

- университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеудің және бекітудің ішкі ережелері бар, онда білім беру бағдарламаларын құрастырудың құрылымы мен алгоритмі анықталған. Университеттің академиялық саясаты студенттерді қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытуға көшіруді көздейді. Қысқартылған және жеделдетілген оқу түрлері бойынша қашықтықтан білім беру жүйесі жолға қойылған. Қашықтықтан оқыту жүйесін Platonus, Zoom, Webex Meetings және WhatsApp мессенджері платформалары арқылы жүзеге асырады, пәннің оқу-әдістемелік кешендерін, оқу материалдары мен тапсырмаларын жүктейді, студенттермен кері байланыс ұйымдастырады;
- "Жоғары математика және физика" кафедрасы 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламалары модульдік білім беру бағдарламасын барлық оқу мерзіміне үлгілік оқу жоспарлары, әлеуетті жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, элективті пәндер каталогтары негізінде әзірлеген. Болашақ мұғалімдерді даярлау орта

мектептегі білім берудің жаңартылған мазмұны бағдарламаларымен тығыз байланысты. Осыған байланысты білім беру бағдарламаларында болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған модульдер қарастырылған. Білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберімен, кәсіби стандарттармен сәйкестендіріле жасалған және сыртқы сараптау мен рецензиялаудан өткен;

- БББ ОӘК және ПОӘК толық қамтамасыз етілген. Онда талап етілетін құжаттардың барлығы талапқа сай рәсімделген. Оқытушылар дайындайтын пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдары кафедраның мәжілісінде талқыланып, кафедра меңгерушісімен бекітілген. Бекітілген пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдар университеттің www.sirdariya.kz білім порталына жүктелген. Олармен студенттер өздерінің жеке кабинеттері бойынша танысады, оқу үдерісінде пайдалана алады.

- БББ игеру үшін курстың қысқаша мазмұнынан, міндеттері мен алынатын нәтижелерінен, құзыреттіліктердің тізімінен, пререквизиттері және постреквизиттерінен тұратын элективті курстардың каталогы жасалынған. Сондай-ақ оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу картасы, оқу жұмыс жоспарлары, кәсіби практиканы өткізуге және қорытынды аттестаттау, дипломдық және курстық жұмыстарды жазуға арналған әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілген.

- міндетті компонент бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны тиісті деңгейдегі МЖМБС және типтік оқу жоспарының талаптарына сәйкес келеді. Жұмыс оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны Типтік оқу жоспарлары мен элективті пәндер каталогына сәйкес келеді. Компоненттердің мазмұнын нақтылау үшін ББ әзірлеуге жұмыс берушілерді тарту мақсатында Жетысай қаласының, Жетысай және Мақтарал аудандарының орта мектептерімен, №3 Дарын мектеп – интернатымен шарттар жасалған;

- №3 Дарын мектеп – интернатымен дуалды білім беруді жүзеге асырған;

- білім беру бағдарламаларында студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын компоненттер бар. Студенттер тарапынан білім беру бағдарламаларына деген қажеттілік 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» ББ студенттері қатысқан сұхбат арқылы расталады. Сұхбат студенттердің оқу сапасына қанағаттанатынын көрсетті. ТОЖ-рын, элективті пәндер каталогын талдау ББ мазмұнын әзірлеу кезінде студенттердің пікірлері ескерілетіндігін көрсетті. Сауалнамаларды әлеуметтік-мәдени даму орталығының өкілдері жүргізген, сауалнаманың нәтижелері бойынша белгілі бір мәселелер туралы студенттердің тілектері анықталады. Мысалы, 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» ББ жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша келесі пәндер енгізілген:

- «Жеке даму биологиясы», «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы», «Өсімдіктер систематикасы», «Иммунология»,

«Молекулалық биология», «Адам және жануарлар физиологиясы», «Экобиотехнология», «Экологиялық биология», «Микробиология және вирусология», «Өсімдіктер және жануарлар экологиясы», «Биотехнология», «ҒЗЖ (НИР) ұйымдастыру», «Дәрілік өсімдіктер»;

- БББ жоғары деңгейдегі оқу және дидактикалық материалдармен толық қамтамасыз етілген. Үлгілік оқу бағдарламалары, силлабустар, пән бойынша әдістемелік нұсқаулар СМЖ талаптарына сай рәсімделген. Білім алушылар үшін кітапхана, оқу ресурстары қолжетімді, ізденуге мүмкіндік жасалған.

*Сарапшылар мынаны анықтады:*

- білім беру бағдарламаларының мазмұны Ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес келеді;
- ББ сыртқы сарапшылармен бекітіледі;
- ББ оқу процесінде Кредиттік оқыту жүйесі жұмыс істейді, ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу жүйесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады;
- университетте оқу жоспары мен қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды, сондай - ақ оларды жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламаларының сапасын және сараптамасын ішкі бағалау жүзеге асырылады;
- білім беру сапасын іштей бағалау механизмдерінің үздіксіз, тиімділігі студенттер арасында түрлі сауалнамалар жүргізу, оқытушылардың оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу еңбектеріне мониторинг жүргізу кафедра оқытушыларының өзара сабаққа қатысуы, ашық сабақтар өткізу, есеп беру арқылы жүргізіледі.
- 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламасының түлектері жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламалары бойынша білімін жалғастыруға мүмкіндігі бар, бұл университет қабырғасында үздіксіз білім алу мүмкіндігі туралы толық айтуға мүмкіндік береді.

**Сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.**

## Стандарт 3. Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау

### Дәлелдемелер және талдау

Сарапшылар ББ игеру барысында студенттер оқытудың жеке траекториясын өз бетінше анықтайтынына сенімді болды. Бұл ретте студенттер келесі оқу жылына элективті пәндер мен оқытушыларды таңдау мүмкіндігіне ие болады. Траекторияны таңдау кезінде студент эдвайзердің ұсынымдарын басшылыққа алады. Таңдау негізінде студенттердің жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. Сонымен қатар студент жобалық дипломдық жұмыстардың тақырыптарын, ғылыми жетекшіні таңдай алады. 1 курстың әр

студенті Анықтамалық нұсқаулық алады. Осылайша, студенттің оқу жүктемесі олардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып жасалған. Студенттің жеке оқу жоспарларында білім беру деңгейлері бойынша 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламасының барлық компоненттері мен элементтері көрініс тапқан.

Студенттерді оқыту нәтижелерін бағалауды талдау студенттердің оқу жетістіктерін бағалау саясатымен, процедурасымен, қолданылатын бағалау критерийлері, емтихандар және бақылаудың басқа түрлері туралы ақпаратпен студенттер ББ тиісті силлабустары арқылы таныса алатындығын көрсетті. Силлабустарда студенттердің үлгерімін аралық және қорытынды бақылауға арналған сұрақтар тізбесі бар. Білім алушылардың білімін бағалау жүйесі Блум таксономиясын және объективтілік пен ашықтықтың жалпы қабылданған қағидаттарын ескере отырып әзірленген. Тест тапсырмалары мен тестілерінің сенімділігін және валидтілігін қамтамасыз ету үшін тест сұрақтарын құрастыру және апелляциялық комиссия бойынша ереже әзірленіп, бекітілген.

Бітіруші кафедраға барған кезде сарапшылар тобы студенттердің өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында кафедраларда негізінен оқуда іс-әрекеттік тәсіл немесе сол студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау қолданылатындығын анықтады. Бұл ретте білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріледі, рефлексияға, оқыту нәтижелері үшін жеке жауапкершілікті арттыруға назар аударылған. Студентке орталықтандырылған білім беру критерийлері бойынша БББ ерекшелігіне сәйкес ұлттық құндылықтардың дәріптелуін, маман бойына сіңіруін қадағалайтын этнопедагогикалық әдіснамалық ұстаным басты назарға алынған.

Жаратылыстану факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі отырыстарының хаттамаларын және қатысқан сабақтарды талдай отырып, сарапшылар тобы оқытушылар дәріс және практикалық сабақтарды жүргізудің инновациялық әдістерін, ОСӨЖ өткізудің әртүрлі белсенді нысандарын, білім беру картасын (матрицасын), жеке–топтық оқу қызметін ұйымдастыруды, сабақ барысында оқу қызметін динамикалық ұйымдастыруды жиі қолданады деген қорытындыға келді. Мұның бәрі студенттерді оқытуда белсенділік тәсілін ұйымдастыруға ықпал етеді. Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау үшін заманауи технологиялар қолданылады. Кафедра оқытушылары студенттердің ББ бойынша теориялық білімін бағалау үшін СӨЖ қабылдауда, аралық бақылау жасауда Электрондық пошта, рефераттар, презентациялар, тесттер, кесте-карточкалар, эссе-глоссарийлердің мүмкіндіктерін кеңінен қолданады.

Тәжірибелік сабақтарда кафедраның ПОҚ таңдаған пән түрі бойынша студенттердің болашақ кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында, кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін оқытудың белсенді әдістері оқу процесіне енгізілген: топтық және жеке оқыту, мастер-класс, жеке практикалық оқыту түрін көрсету, рөлдік ойын, бейне көрсетілімдер және т. б.

Университетте студенттердің өтілетін сабақ сапасына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама алу дағдыға айналған. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Оқытушы студент көзімен» атты сауалнамалар жүргізіліп, күшті және әлсіз жақтары, оқыту сапасына қанағаттанбау себебі анықталып отырады. Сондай ақ студенттерді қабылдау сапасының, ағымдағы үлгерімнің, студенттер мен магистранттардың білім сапасының, бітірушілер сапасының, пәндерді оқыту сапасының, білім алушылар мен жұмыс берушілердің даярлық сапасына қанағаттануының мониторингі жүзеге асырылады.

Университеттің тіркеу офисіне барып, *сараптау комиссиясы* университетте білім алушылардың білімін бағалаудың әртүрлі нысандары: тестілеу, жазбаша емтихан, ауызша емтихан қолданылатынын анықтады. Кешенді тестілеу барысын емтихан пәндеріне қатысы жоқ тьюторлар бақылайды; ауызша емтиханды кафедраның тәуелсіз оқытушылары қабылдайды. Бұл емтихан сессиясы кезінде студенттердің жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді. Алайда, студенттердің білімін бағалау нысандарындағы кешенді тестілеудің үлесі 75% - дан астамға жетеді, бұл болашақ математик мұғалімдердің негізгі құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етпейді. Сонымен қатар, университетте кешенді тестілеу мен емтихан сұхбаттарының нәтижелерін апелляциялау тәжірибесі қолданылады. Ережеде барлық білім беру бағдарламалары бойынша аралық, қорытынды бақылау және бітіру емтихандарын өткізу кезеңінде жұмыс істейтін апелляциялық комиссиялар құру көзделген. Университет бойынша ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

Университет сайтындағы "Академиялық адалдық Кодексі" және "Педагогтың ар-намыс кодексі" оқытушылардың, қызметкерлердің және білім алушылардың мінез-құлқына бірыңғай талаптарды белгілейтінін көрсетті. Бұл құжаттар университеттің ресми сайтында орналастырылған, жыл сайын бірінші курс студенттеріне арналған анықтамалық-жолсілтемеде жарияланады.

Бітіруші кафедра мен жаратылыстану факультетінің кеңесі отырыстарының хаттамаларын талдай отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне ғылыми істе жөніндегі проректор, ғылым коммерцияландыру басқармасының бастығы және ғылыми кеңес жетекшілік ететініне көз жеткіздік. СҒЗЖ шеңберіндегі қызмет бағыттары университеттің СҒЗЖ басым бағыттарына сәйкес келеді және мамандарды даярлау бейінін ескере отырып, кафедралардың СҒЗЖ жыл сайынғы жоспарлары негізінде жүргізіледі. Бұл ретте оқыту траекториясы студенттен 3 курстан бастап зерттеу жұмыстарын міндетті түрде дайындауды талап етеді. Әр студентке ғылыми жетекшілер бекітілген, олардың міндеттеріне бітіру жұмысын жазуда әдістемелік көмек және ғылыми кеңес беру кіреді. Түлектердің жобалық дипломдық жұмысын жазу тәжірибесі бар. Студенттердің ҒЗЖ-ға қатысуының қосымша нысандары халықаралық және

республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, ғылыми журналдарға мақалалар жариялау дәстүрге айналған.

Сарапшылар кафедрада Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша Тәжік педагогикалық институты (Тәжікстан), И. Арабаев ат. Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан) және т.б. екі жақты халықаралық байланыс орнатылған оқу орындарында білім алуына мүмкіндік барына көз жеткізді. Университет пен Өзбекстан ЖОО арасында ынтымақтастық жайлы келісімшарт бар. Осы келісімге сәйкес 2018 ж. қазан айында Өзбекстан Республикасының Ғылым академиясы, «Өсімдік заттардың химиясы» институтының профессоры, б.ғ.д. Закирова Рано Полатовна 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттеріне «Өсімдіктер физиологиясы» пәнінен дәрістер өткізген.

И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетімен 5 жылға бірігіп жұмыс жасау туралы келісімшарт түзілген. Бұл келісімшарт негізінде академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту мақсатында қызметкерлер білім беру бағдарламасы негізінде тәжірибе алмасу бойынша лекция және практикалық сабақтар жүргізілген. Атап айтқанда, 16.09-04.10.2019 ж. аралығында Білім беру бағдарламаларында оқитын студенттердің контингенті Мадиева Аида Мамырбаевна 6В05101 - «Биология» білім беру бағдарламасының 1 курс студенттеріне «Омыртқалылар зоологиясы» пәнінен 72 сағат көлемінде дәрістер өткізген.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2020 жылдың 7-14 ақпан аралығында Испанияның Валенсия политехникалық университетінен профессор Хавьер Родриго-Иларриды 6В05101 - «Биология» / 5В060700 - «Биология» білім беру бағдарламаларының 1-3 курс студенттеріне «Топырақтану негіздері» және «Қалдық заттарды қайта өңдеу» пәндерінен 36 сағат көлемінде дәрістер оқыған.

